

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№41
(911)

Бейсенбі, 15 қазан 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Қазақ хандығына – 550 жыл


ТАРАЗ ТӨРІНДЕГІ ЕЛДІК ТОЙЫ



Мемлекет басшысы барша халықты Қазақ хандығының 550 жылдығымен құттықтап, Астанадан басталып, Таразда жалғасын тапқан мерекелік шаралардың маңыздылығын атап өтті.

«Өткен тарихымызды зерттеп, мәлімет жинау үшін

6 000 жұмыс орнын ашу қарастырылған. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай жобасы» аяқталып келеді. Осы қала арқылы темір жол, газ құбыры өтеді. Мұның бәрі халықтың игілігі үшін жасалуда. Жамбыл облысы еліміздің басқа да өңірлері сияқты өз дамуы жолында жаңа биіктерге жететін болады. Біз табыстарымыз арқылы әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу ниетіндеміз, бұл «Қазақстан – 2050» Стратегиясының негізгі мақсаты болып табылады. Сонымен қатар, «Нұрлы Жол» және индустрияландыру бағдарламалары, сондай-ақ, Бес



тәуелсіздік жылдарында әлемнің түкпір-түкпіріне экспедициялар ұйымдастырылды. Біздің тарихымыз бастауын сақ, ғұн, түркілерден алып, Керей мен Жәнібек хандардың Шу алабына көшіп, Қазақ хандығының туын көтеруімен жалғасады. Біз бұл мерекені тарихымыздың терең екендігін бүкіл әлемге таныту үшін, өскелең ұрпаққа жеткізу үшін өткізіп отырмыз», – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдығы жалпыхалықтық мереке екенін атап өтті.

«Мерекеге орай Тараз қаласының да келбеті жаңарды. Бұған Қазақстанның барлық облысы атсалысты, сол үшін оларға алғыс білдіреміз. Осының бәрі – ұрпақтың ата-бабалар аманатына адалдығының, Ұлы Дала тарихына тағзымының нышаны. 17 елден келген қонақтарға алғыс айтамын!» – деді Мемлекет басшысы. Қазақстан Президенті Жамбыл облысының қарқынды дамып келе жатқанына да назар аударды.

«Биыл 170 мың шаршы метр баспана салынды. Жыл басынан бері 7 мектеп, 3 балабақша, аурухана пайдалануға берілді. Индустрияландырудың бірінші бесжылдығы аясында 33 нысан іске қосылды, екінші өнеркәсіптік бесжылдықта 27 нысанды іске қосып,

институттық реформа да еліміздің болашағына жол ашады», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Жамбыл облысында 100-ден аса этнос өкілдері достық пен келісімде өмір сүріп жатқанын айтты.

«Біз кез келген мерекені халыққа көбірек игілік жасау үшін пайдаланамыз. Әлемде тұрақсыздық, қақтығыстар мен соғыстар болып жатыр, ал біздің елде бәрі тату әрі өзара сыйластық негізінде өмір сүруде. Қазақстанды әлемнің өзге елдері біледі, құрметтейді. Еліміз қақтығыстарды шешу ісінде арағайындық жасап, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезін өткізіп келеді. Осының бәріне халқымыздың бірлігі арқасында қол жеткіздік», – деді Қазақстан Президенті.

Сөзінің соңында Мемлекет басшысы көпшілікті тағы да құттықтап, игілік пен бақ-береке, сондай-ақ, елімізге тыныштық пен бейбітшілік тіледі.

Монументті ашу рәсіміне 5000-ға жуық адам қатысты. Ескерткіш стеланың биіктігі 28 метрді құрайды, оның тұғырында биіктігі 4,2 метр болатын Керей мен Жәнібек хандардың мүсіндері қойылған.

«Akorda».

2015 жылдың IV тоқсанына Айыртау ауданы әкімінің, аудан әкімінің орынбасарларының және аудан әкімінің аппарат басшысының азаматтарды қабылдау кестесі

Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні және уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жайы	Қатынас телефоны
Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы	Аудан әкімі	әр айдың екінші және соңғы бейсен-бісі, сағ. 10.00-ден сағ. 13.00-ге дейін	Саумалкөл а., Ш.Уәлиханов көшесі, 44	22-646 22-648
Махметов Аманбек Ғазизұлы	Аудан әкімінің орынбасары	әр дүйсенбі сағ. 11.00-ден 13.00-ге дейін	Саумалкөл а., Ш.Уәлиханов көшесі, 44	20-136 22-648
Досымбеков Құрал Досымбайұлы	Аудан әкімінің орынбасары	әр сәрсенбі сағ. 15.00-ден сағ. 17.00-ге дейін	Саумалкөл а., Ш.Уәлиханов көшесі, 44	22-479 22-648
Науанова Мафуруза Тасболатқызы	Аудан әкімінің орынбасары	әр сейсенбі сағ. 15.00-ден сағ. 17.00-ге дейін	Саумалкөл а., Ш.Уәлиханов көшесі, 44	21-641 22-648
Ғаббасов Әлі Әнасұлы	Аудан әкімінің аппарат басшысы	әр жұма, сағ. 15.00-ден сағ. 17.00-ге дейін	Саумалкөл а., Ш.Уәлиханов көшесі, 44	21-782 22-648

Аудан әкімінің виртуалды қабылдауы airtau.sko.kz сайтында қызмет етеді.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қоғамның сенімін, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, сонымен қатар аудан әкімі аппараты қызметкерлерінің лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтарын және Ар-намыс кодексінің талап-

тарын сақтамау жағдайларын анықтау мақсатында, «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **8(71533)22646** сенім телефоны және airtau-akimat@sko.kz электрондық пошта қызмет етеді.

Құрмет

Майдангерді мерейтойымен құттықтады



Қариялар-қазыналар. Көпті көрген көнекөз қарттарымызды құрметтеу қанымызға сіңген қасиет. Өткен сенбі, 10 қазан күні аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров, ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ерлан Қазбековпен

бірге Ұлы Отан соғысының ардагері, қарт майдангер, антоновкалық Александр Белоногтың отбасында болып, оны 90 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.



Александр Григорьевич Белоног 1925 жылы 10 қазанда бұрынғы Көкшетау облысы Володар ауданына қарасты Антоновка ауылында дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін 1942 жылдың 20 қарашасында 17 жасар жас жігіт Володар әскери комиссариатымен әскер қатарына алынады. Ұрысқа кіріспес бұрын арнайы мергендерді даярлайтын снайперлік мектепті бітірген соң, Қиыр Шығыста әскери міндетін өтейді. Сонан соң батыста бірінші Белорусь майданына жіберіледі. Витебск түбіндегі шайқастарға қатысады. 1944 жылдың 10 шілдесінде ауыр жараланып, Белоруссия жеріндегі Калинин елді-мекеніндегі әскери госпитальға түседі. Госпитальда 4 ай бойы емделгеннен кейін Александр Григорьевич Кольск аралындағы Ваинча портында әскери міндетін жалғастырады.

Украина, Белоруссия, Литва, Шығыс және Пруссия жерлерін жаудан азат етуге атсалысады. Ұлы Жеңісті жақындатуға өзіндік үлесін қосады. Елге оралған соң ол зейнеткерлікке дейін азық-түлік комбинатында жемісті қызмет атқарады.

Ұлы Отан соғысындағы асқан ерліктері үшін «Киевті азат еткені үшін», «Житомирді азат еткені үшін» медальдарымен, «Отан соғысы» орденімен және көптеген мерекелік медальдармен марапатталған.

Өмірі өнегеге толы ардақты жанды айтулы белесімен құттықтаған аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы ізгі тілектерін білдіріп, қарт майдангерге өзінің құттықтау хаты мен арнайы бағалы сыйлығын табыстап, өз атынан сый-сияпат көрсетті. Арнайы Астана қаласынан мерейтоймен құттықтай келген баласы, елімізге белгілі медицина ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік санитарлық бас дәрігер, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі қызметтерін атқарған Анатолий Александрович Белоног та ардагерлерге ұдайы қамқорлықтары үшін аудан басшысына алғысын жеткізді.

Келелі кездесу ақ дастархан басында жалғасты. Өз кезегінде мерейтой иесі, Ұлы Отан соғысының ардагері Александр Григорьевич өткен күндерден естелік айтып, бүгінгі бейбіт өмірге шүкіршілік етті. Қарияларға қашанда қолдау көрсетіп жүретін Елбасы бастаған ел ағаларына алғысын жеткізді. Қадірменді қонақтарға ақ батасын берді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Конференция

БАҚ-ты Интернетке көшіру

Үстіміздегі жылдың 9 қазан күні Астана қаласындағы «Дипломат» қонақ үйінің конференц-залында «Қазконтент» АҚ Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму министрлігінің Байланыс, ақпарат және ақпараттандыру комитетінің ұйымдастыруымен Баспа БАҚ-тардың онлайн редакциялары: өзекті мәселелер мен даму перспективалары тақырыбында республикалық конференциясы болып өтті.

Конференцияның мақсаты – Баспа бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сауаттылығын арттыру және онлайн-форматқа көшуде медиа құралдарды қолдану аясында жаңа мүмкіндіктерді көрсету болып табылады.

2013 жылдан бастап, бұл фор-

мат еліміздің аймақтық бұқаралық ақпарат құралдары редакторлары үшін тәжірибе алмасуда маңызды жобаға айналып отыр. Дәстүр бойынша конференцияға спикерлер ретінде мультимедиялық журналистика саласындағы танымал эксперттер: блогерлер, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері шақырылған.

Конференцияның барысында Баспа бұқаралық ақпарат құралдарының конвергентті форматқа көшіру туралы еліміздің танымал эксперттерінің өзекті мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, қатысушылар медиатренерлердің практикалық мастер-класстарына қатысып, жобаның сайт жасаушы мамандарынан техникалық кеңестер алды.

Өз хабарымыз.

Кеммін деме, теңмін де!

Шынайы қамқорлықты сезінуде

Е л б а с ы м ы з
Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларды белсенді тірлікке тарту, жұмыспен қамтуға қатысты шаралар арнасын кеңейту жөнінде нақты тапсырмалар берген болатын. Бір тұстарда ескеруі кемдеу болып келген мүгедек жандар үшін біздің елімізде кедергілер болуы тиіс емес. Рас, мұндай адамдар қатары аз дей алмаймыз, солай десек те, олар туралы көмек-қолдау жұмыстарын жүзеге асыру — біздің өзіміздің және қоғамымыздың алдындағы қасиетті парызымыз. Соның бір айғағы қазан айының екінші жексенбісі — мүгедектер күніне орай кеше ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен «Қош келдің, Алтын күз» атты тақырыппен мерекелік ертеңгілік өтті.

Тағдыры бөлек жандарды айтулы мерекемен құттықтаған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров:

— Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев мүгедектерге мемлекет тарапынан қамқорлық көрсету, олардың проблемаларына назар аудару мақсатында, сондай-ақ, БҰҰ Бас Ассамблеясының ұсынысын ескере отырып, 1993 жылы 15 маусымда Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні белгіленіп, ол күнді қазан айының екінші жексенбісінде атап өту туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Содан бері елімізде мүгедектер күні тұрақты түрде аталып өтіліп келеді. Аталмыш шараға сай ауқымды жұмыстар ұйымдастырылуда. Ондағы мақсаты болашақта қоғам өміріне мүгедектігі бар адамдарды тарту. Жалпы, мүгедектер күнін атап өту мүгедектердің проблемаларына олардың қасиеттерің құқықтары мен игілігін қорғауға, мүгедектердің



саяси, әлеуметтік, экономикалық өмірге қатысуынан қоғамның алатын артықшылығына көпшіліктің назарын аударуға бағытталған, біздің жас мемлекетіміз қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға мейлінше жағдай жасап, қолдау, көмегін көрсетіп келеді. Олардың құқықтық қорғалуы да назардан тыс қалған емес. Солардың бір айқын айғағы бүгінгі өздеріңізге жасалынып жатқан мына құрмет пен қошамет. Бұл бір күнмен ғана шектелмейді. Сіздердің қоғамнан өз орындарыңызды алуларыңызға біз қолдан келгенше жәрдем жасайтын боламыз, — деп түйіндеді аудан басшысы.

Сонан соң аудан әкімі өз қолымен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған өзінің төттіге толы мерекелік сыйлықтарын табыстады.

Қайырымдылық мерекесі Саумалкөл қазақ, №1 Саумалкөл орта мектептері, №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы оқушыларының мерекелік концертімен, бөлім қызметкерлерінің театрландырылған қойылымдарымен жалғасты.

Сары алтын күз мерекесіне жиналған

балалар да өз өнерлерін ортаға салса, Лобаново ауылынан келген Бейбітхан Бердібектің қазақтың қара домбырасымен күмбірлеткен әуеніне көпшілік риза болды.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың қуанышында шек жоқ еді. Олар сол күні бақыт құшағында тербеліп, мәйірам болды.

Мереке соңында бөлім басшысы Ерлан Қазбеков балаларға зор денсаулық тілеп, тамаша мереке ұйымдастырған мектеп оқушыларына шынайы алғысын жеткізді.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың хал-ахуалың жүрек түкпіріндегі күйзелісін біз қанша ойлап, тебіренсек те жеткіз алмаспыз хақ. Олар іштей жан азабын тартып күйзелгенімен өмірде мықты, қандай қиындыққа болсын мойымай, қайсарлық танытқанын көргенде еріксіз қайран қаласың. осындай жандардың жан-дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу — белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретті түсірген автор.

9 қазан - Халықаралық пошта күні

АЛЫСТЫ ЖАҚЫН ЕТКЕН АЛТЫН КӨПІР

Бүгінгі таңда пошта байланысы — тұтынушылар үлесі ең ауқымды қызмет түрінің бірі. Пошталық байланыстың заманауи прогресін мойындаған тәуелсіз Қазақстан азаттығын жария еткен 20 жылдан астам уақыт ішінде бұл қызметтің озық үлгілерін меңгеріп үлгерді. Сөйтіп, сапасы жағынан халықаралық стандарттарға сай қызмет үлгісін қалыптастырған отандық пошта қызметі дала мен қала арасындағы алтын көпірге айналды.



Ауданымызда маңызды қызметтерді атқарып отырған мекеменің бірі—аудандық пошта торабы екені даусыз. Аудан бойынша газет-журналдарды тарату, басылымдарға жазылу науқанын лайықты атқару, түрлі төлемдерді қабылдау, төлеу және тағы да басқа қызметтерді арқалап, атқарып отырған мекеменің қоғам өміріне қосып отырған үлесі аз емес. Көптеген ел жаңалықтарын қамтитын бір ғана басылым түрлерін таратудың мәні мен маңызы айтарлықтай. Міне, осындай қажетті қызметті уақытпен санаспай, лайықты жүргізіп отырған пошта қызметкерлерінің кәсіби мерекесі 9-қазанға дәп келіп отыр.

Осыған орай ауданның ішкі саясат бөлімінің басшысы Жақсылық Жүсіпов аудандық пошта торабы ұжымын кәсіби мерекелерімен құттықтап, аудан әкімі Ағзам Тастеміровтің мерекелік құттықтау хатын жеткізді. Осы ұжымға атқарып отырған қызметтері үшін алғысын айтып, еңбектеріне жеміс, отбасыларына амандық тілеп, адал қызметтері үшін аудан басшысының Құрмет грамотасымен және бағалы сыйлығымен аудандық пошта торабының жүргізуші-инкассаторы Еркін Қабдолов ма-

рапатталса, аудан әкімінің Алғыс хаттары және бағалы сыйлықтары пошташы Оксана Лопатина мен икассатор Михаил Висенколарға табысталды.

Мекеме басшысы Берік Жанахметов осы құттықтау ілтипатына ұжым атынан алғысын білдіріп, аудан әкімдігімен бірлесіп отырып, қоғамға қызмет ету сапасы арта беретінін айта келе, «Қазпошта» АҚ Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының грамотасымен облыс бойынша пошташылар арасында өткен тестілеуде 100 балдан 98 балл жинаған аудандық пошта торабының пошташысы Сәуле Мұханбетжанованы марапаттаса, аудандық пошта торабының Алғыс хатын көп жылдар бойы осы салада қол үзбей істеп келе жатқан пошташы Татьяна Андрееваға табыстады.

Сонымен қатар төл мерекемен құттықтай келген аудан тұрғыны Лариса Амелина СПТУ көшесі бойынша қызмет ететін пошташы Райхан Қабылақованың қызметіне ризашылығын білдіріп, гүл шоқтарын сыйлады.

«Хоум Кредит Банк» АҚ-ның менеджері Әсел Қабашева пошта байланысының бас есепшісі Ольга Рыжоваға мерекелік сыйлығын тарту етті.

Салтанатты шарада ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ерлан Қазбеков те аталмыш мекемемен әлеуметтік әріптестікте қызмет атқарылып жатқанын айта келе, пошташыларды төл мерекелерімен құттықтады.



Дәл осы күні пошташылар мен баспасөзге жазылушылар күні де аталып өтіліп, жазылушыларымен бетпе-бет кездесетін басылымдар үшін, арнайы жазылу ұйымдастырылды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.

Қоғам және заң

Сыбайлас жемқорлық — қоғам дерті

Тәуелсіз еліміздің экономикасының дамуына кедергі келтіріп, қоғамның дертіне айналған екі мәселе бар, оның бірі сыбайлас жемқорлық та, екіншісі нашақорлық. Жемқорлықтың алдын алу, онымен күрес мақсатында қыруар шаруалар атқарылып, арнайы заңдар мен бағдарламалардың қабылдануына қарамастан, бүгінде бұл дерттің тамырына балта шабу оңай болмай тұр. Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесі жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында да айтылып келеді. Сыбайлас жемқорлық — бұл екі жақтың арасындағы «мәміле» деп тұжырымдауға болады, оның бірі — өз лауазымдық өкілеттігін заңға қарсы пайдаланатын мемлекеттік немесе жеке қызметте жұмыс істейтін тұлға, екіншісі — мемлекеттік немесе жеке құрылымды өз басының пайдасы, яғни материалдық жағдайын көтеру, артықшылық алу, заңда көзделген жауапкершіліктен таю үшін пайдаланатын адам. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Президент Н.Ә. Назарбаевтың жүргізіп отырған мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық басымдығы болып табылады. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес кешенді және жүйелі сипаталып отыр. Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын анықтау мен жоюға бағытталған жүйелі жұмысты жолға қоюдың маңызы зор.

Айнагүл ЖАМАЛИДЕНОВА,
Айыртау аудандық Әділет басқармасының бас маманы.

Жария ету

Мүмкіндікті пайдалан

2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап мүлiктi жария ету процесi етуде, ол 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейiн жүргiзiледi.

Осы мақсатта аудан әкiмi аппаратының жанында мүлiктi жария ету жөнiндегi комиссия құрылып, жұмыс iстеуде.

Мүлiктi (ақшадан басқа) жария етуге ұсыну үшін құжаттарды тапсыру мерзiмi 2015 жылғы 30 қарашада аяқталады.

Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлiктi жария ету үшін құжаттар, егер жылжымайтын мүлiк жария етiлсе объектiнiң орналасқан жерi бойынша комиссияға, тұрғылықты орны бойынша жария ету үшін комиссияларға ұсынылады.

Қазақстан Республикасының шегiнен тыс жерлерде тұрған мүлiктi (ақшадан басқа) жария ету кезiнде құжаттар тұрғылықты орны бойынша салық органына берiледi.

Ақшаны жария ету кезiнде жария ету субъектiсi екiншi деңгейдегi банктерiне немесе ақшаны аударуға болатын жинақ шотын ашатын Ұлттық пошта операторына жүгiнедi. Ақша жинақ шотына аудару күнiнен бастап жария етiлген деп есептеледi.

Мүлiктi жария ету жеке тұлғаларға ғана болады: Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар.

Мынадай мүлiк:

1) ақша;
2) бағалы қағаздар;
3) заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесi (бұдан әрi — қатысу үлесi);

4) оған құқық немесе ол бойынша мәмiлелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттiк тiркеуге жататын, басқа адамға ресiмделген жылжымайтын мүлiк (ғарыш объектiлерiнен және магистральдық құбырлардың желiлiк бөлiгiнен басқа);

5) құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ өздерi орналасқан, жария ету субъектiсiне меншiк құқығында тиесiлi жер учаскесiнiң нысаналы мақсатына сәйкес келетiн, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар);

6) Қазақстан Республикасы аумағының шегiнен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлiк жария етуге жатады.

Жария етуге алым Республиканың шегiнен тыс жерлерде тұрған мүлiктi жария ету кезiнде 60 айдан бұрын жария етiлетiн ақшаларды пайдалану барысында ғана төленедi. Бұрын белгiленген мерзiмiнен пайдаланылған ақшаны жария етуге алым бағалы қағаздарды және т.б. жекешелендiру, сатып алу жолымен оларды экономикаға инвестициялау кезiнде өндiртiп алынбайды.

Ақан СЕКСЕНБАЕВ,
аудандық жария ету комиссиясының хатшысы.

Жылжымайтын мүлiк

Мемлекеттік тіркеу және құқықтық реттеу

Жылжымайтын мүлiк - жер учаскелерi, ғимараттар, құрылыстар және жермен тығыз байланысты өзге де мүлiк, яғни мақсатына шамадан тыс зиян келтiрiлмей көшiрiлуi мүмкiн болмайтын объектiлер болып табылады. Жылжымайтын мүлiкке құқықтарды мемлекеттiк тiркеу Заң мен өзге де заңдарда белгiленген тәртiппен және мерзiмдерде жылжымайтын мүлiкке құқықтардың (құқықтар ауыртыпалықтарының) туындауын, өзгеруiн немесе тоқтатылуын және құқықтық кадастрдағы мемлекеттiк тiркеудiң өзге де объектiлерiн мемлекеттiң тануы мен растауының мiндеттi рәсiмi болады.

Тiркеушi орган жылжымайтын мүлiкке құқықтарды мемлекеттiк тiркеу үшін қажеттi жылжымайтын мүлiк объектiсiнiң техникалық және сәйкестендiру сипаттамалары туралы мәлiметтердi тиiстi мемлекеттiк ақпараттық жүйеден алады.

Құқық белгiлейтiн құжатта жүргiзiлген мемлекеттiк тiркеу туралы жазба жасау; жүргiзiлген тiркеу туралы белгiсi бар құқық белгiлейтiн құжатты, не осы Заңда көзделген негiздер бойынша мемлекеттiк тiркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы құжатты беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актiлерiнде көзделген жағдайларда мемлекеттiк тiркеу туралы куәлiгiн бередi. Заңда көзделген негiздер бойынша тiркеу жүргiзiлгенi туралы не мемлекеттiк тiркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы хабарламаны бiрыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеге, сондай-ақ бар болған жағдайда мәмiлеге қатысушылардың электрондық мекен-жайларына жiбередi.

Тiркеу iсiнде сақтау үшін құқық белгiлейтiн құжатты, тiркеу жүргiзiлгенi туралы не мемлекеттiк тiркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру туралы хабарламаны және жылжымайтын мүлiкке құқықтарды мемлекеттiк тiркегенi үшін алым төленгенiн растайтын электрондық чектi қағаз жеткiзiште басып шығарады.

Айнагүл ЖАМАЛИДЕНОВА,
аудандық Әділет басқармасының бас маманы.

Қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл

«ҚАЗАҚ» - БАТЫРЛЫҚТЫ БІЛДІРЕТІН ҰҒЫМ



Биылғы жыл еліміздің тарихында атаулы жыл болып табылады. Өйткені, биыл ақ түіенің қарны жарылып, еліміз бойынша дүркіреп Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан Республикасының Конституциясының 20 жылдығы тойланып өтуде. Еліміздің әр түкпірінде осы аталмыш мерейтойларға арналып алуан түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, бүгін де жалғасын табуда. Осыған орай мен әр түрлі БАҚ беттерінде таратылып жатқан ақпараттарды қарай келе, өзіме жалпы осы хандықтың бастауы қайда жатқанын білу үшін тарихи әдебиеттерді оқып, қарап шықтым. Тарих оқулықтарынан Қазақ хандығының құрылуы Хижра жыл санауы бойынша 870 жылға сай келетінін, яғни 1465 жыл екенін білеміз. Бұл деректі біз Мұхаммед Хайдар Дулати жазған «Тарих-и Рашиди» еңбегінің негізінде пайымдаймыз. Ал сол хандықтың негізін қалаған қазақ халқы қайдан пайда болған?

Көптеген тарихи мәліметтерде қазақ халқы қыпшақ тайпалық бірлестігінен құрылған делінген. Тағы да бір тарихи еңбектерде «қазақ» сөзі «сақ» деген сөзден пайда болған делінеді. Сонда қазақ халқы сонау сақ заманында қалыптасқан деген түсінік пайда болады. Егер де солай болса онда неге хандығымыз тек XV ғасырдың екінші жартысында ғана құрылды деген сұрақ туындайды.

Осындай сұраққа жауап табу үшін, мен көптеген деректерді қарастырып, соның нәтижесінде сіздерге қазақ халқының пайда болуы туралы біршама мысалдар келтіріп кетпекпін. Тарихшылардың бір тобы «қазақ» деген сөзді «ққаз» және «ақ» деген екі түбірлі сөзден құралған дейді. Ал екінші бір топ тарихшылар «қазақ» сөзі «қазғыш» деген сөзден пайда болған десе, тағы да бір тарихшы ғалымдар «қай-сақ», «қас-сақ» деген сөздердің бірігуінен пайда болған деп жорамалдайды. Соңғы келтірілген болжамды тарихшы-ғалымдардың көпшілігі дұрыс деп санап, «Қазақстан тарихы» оқулықтарына осы мәліметті енгізуге жөн көрді.

Бұл болжамдардан біз сақ тайпасының ұрпақтарымыз деген ой туындайды. Ал сақ тайпасы қайдан шыққанын қандай деректерге сүйене отырып, пайымдаймыз? Осындай деректерді іздеп көрейікші. Сақтар жайлы негізгі дерек көзі – бұл б.з.б. 522-486 жылдары өмір сүрген парсы патшасы I Дарийдің бұйрығымен Бехистун жартасында ойылып жазылған жазуларда кездеседі. Онда Кир, Ксеркс, Дарий патшалардың жорықтары деріптеліп, ал қарсыласы – көшпелі тайпаларды кемсіту үшін «сақ» сөзін пайдаланғаны жазылып кетіпті. Кемсітушілік екеніне келесі деректен анық көз жеткізуге болады. «Сақ» сөзі парсыша «ит» деген мағына береді екен. Сонда парсылар сақтарды мал соңында жүретін итке теңеп кемсіткені ме? Сол замандағы парсылардың Заратуштра дінінің «Авеста» атты кітабына қарайтын болсақ, онда Орта Азиялық көшпелілерді «сақ» деп емес, «турлар», «жүйрік атты турлар» деп атаған. Яғни, парсы патшалары «сақ» деп кемсіткен көшпелілерге Заратуштра діндарлары «тур» деген атауды қолданған. Осыған орай ежелгі көшпелі тур тайпасынан «турлар елі» деген мағына беретін «Тұран» сөзі пайда болған екен. Тур (яғни, тур), Тұраң, Түрік деген атаулардың байланысын қарастырсақ, парсылардың қасиетті «Авеста» кітабында көшпелі елді «тур» деп халықтың төл атауымен жазғанына көз жеткіземіз. Дегенмен б.з.б. V-IV ғасырларда даңқы асқақтап тұрған парсы патшасының көшпелілерге қойған кемсіту атауды да ізсыз қалмастан керек. Осы көшпелілердің парсыларға етене орналасқан оңтүстік бөлігіндегі аймаққа «сақ» атауы, б.з.б. II ғасырға дейін жапсырма, бүркешік атау ретінде қолданылғаны туралы мәліметтер кездеседі.

Енді осы сақтар туралы басқа да тарихшылардың келтірген болжамдарына тоқталып кететін болсам, тарихтың атасы Геродот (б.з.б. 484-425 жж.) сақтар туралы сөз еткенде, көшпелі скиф тайпаларын парсылар «сақтар» деп атағанын жазып кеткен. Қытай деректерінде, шамадан б.з.б. II-І ғасырларда, Орта Азияны түркітілдес «қаңлы», «үйсін», «ғұн», «нүкіс» (яғни «нұтша», «иозы») тайпалары мекендегенін және «сака» елі олардан жеңіліп, оңтүстіктегі Памир тауына ығысып, одан әрі босып кеткені, бүгінгі Ауғанстан мен Тәжікстан жеріне ауып барғаны туралы жазылған. Сонымен қатар, қытай тарихшыларының деректеріне сенсек, бүгінгі тәжік пен ауған халқының үлкен бөлігі – «сакалардан» тараған тұқым. Осындағы ең қызығы, ауғандар мен тәжіктер, өздерінің арғы аталарының Орта Азиядан ауып келген көшпелілер екенін мойындағанымен, сақтардың ұрпағымыз демейді. Тағы да сол қытай деректері бойынша, қазақ халқы – бұл «ғұн», «үйсін», «қаңлы» тайпаларының тұқымы екен. Яғни, «сақ» атты тайпа болған күннің өзінде де оның қазаққа қатысы болымсыз деген түсінік қалыптасады.

Парсы деректерінде «сақ» пен «қазақ» сөздері мүлдем бөлек ұғымдар екен. Парсы тіліндегі «сақ» сөзі - «ит», ал «қазақ» сөзі - «батыр», «жауынгер» деген ұғымды білдіреді. «Иран тарихы» атты кітапта «парсылар, XX ғасырдың 20-жылдары ағылшын отаршыларына қарсы көтеріліс жасаған әскерлерін – қазақтар», деп атағандығы жайлы деген бірнеше талай деректер келтірілген. Ирандықтар әскери казарманы әлі күнге дейін «қазақхана» деп айтады екен. Бұдан парсылардың өз батырларын «қас-сақ» («сақ»-«ит») демейтіні, керісінше «қазақ» - «жауынгер» деп отырғаны түсінікті болар.

Жоғарыда келтірілген деректер «қазақ» сөзінің «сақ» сөзіне еш қатысы жоқ, жауынгерлік ұғым екенін көрсетеді. Олай болса, оның қандай жауынгерлік ұғым екенін ашып көрейік. Қазақта «қаза» деген қастерлі сөз бар. Өлімнің бәрін «қаза» демейді. Мәселен, майданға қатыспай өз үйінде жа-

тып көз жұмған кісіні «қаза тапты» деп айтпайды: «қайтыс болды», «бақилық болды», «дем-тұзы таусылды» дегендей басқа сөздермен сипаттайды. «Қаза» - бұл дәрежесі өзге өлімнен биік тұратын, батырлықтың дәлелі болатын сөз. Қаза болған кісіні ел-жұрты батыр деп дәріптеп, жоқтап аза тұтқан. Яғни, қаза табу - жауынгердің ғана маңдайына жазылған ақ өлім дегендей түсінік береді.

«Қаза» сөзіне «ақ» деген сөзді жалғасақ «қазақ» сөзі шығады. Біріншіден «қаза» мен «қаза - ақ» деген сөздердің дыбыстық үйлесімі, екіншіден, екеуінің де жауынгерлік ұғым болуы кездейсоқ сәйкестік емес. Бұл сәйкестікті қазбалай түссек, онда «қаза» сөзінен «қазақ» сөзінің қалай туындағанын пайымдай аламыз.

Жаугершілік шерулер, майдан даласы дегенің қазасыз болмайды ғой. Иен далаға кетіп, жауынгерлікті көсіп қылудың ұраны: «Мен ел үшін қаза-ақ болуға бекіндім!» дейтін өлімге бас тігу антымен басталса керек. Әлбетте, қаза-ақ болуға бекініп, ел шетіне шыққан әскери қауымды қазақшылық құрушылар, яғни қазақтар деп атаған. Денсаулығы мықты, өзіне сенімді ерлер ғана қазақшылық құра алған. Осындай батырлардың бастамасымен бүкіл отбасы, әулеті, тіпті ру-тайпасымен қазақшылық құрушы көшпелі тайпалар пайда болған. Яғни, қазақшылық құрушылар көшпелі тайпалар болған. Қазақ хандығы құрылмай тұрып-ақ, «қазақ» деп аталған көшпелі әскери тайпалардың болғанына түрлі тарихи деректер аз емес.

«Қазақ» деп аталатын тайпалар ешкімге тәуелсіз, ерікті, еркін тіршілік кешкен. Бұған дәлел 1245 жылы мәмлүктер билеген Мысыр мемлекетінің қыпшақтарында пайда болған араб-қыпшақ сөздігінде, «қазақ» сөзіне «еркін кезбе адам» деген мән берілген екен. Жаугершілік заманда «еркін кезбе адам» болып жүру жауынгердің ғана қолынан келгені анық. «Қазақ» дегеннің әскери қауым екенін дәлелдейтін деректер де талай кездеседі. Мысалы, парсы тарихшысы Шарафуддин Иаазидің «Зафарнама» атты еңбегінде: Дешті Қыпшақты әскери түрде күзетіп отырған елді «Өлөйт чатур қазақ» делінген. Шағатай ұлысында «қазақ» аталатын әскери тайпаның болғанын және олардың көтеріліс жасағаны жайлы, сондай-ақ, Ноғай ханның да, әйгілі Әмір Темірдің де қарамағында қазақы әскері болғаны жайлы деректер бар. Сонымен қатар, әйгілі Әмір Темірді «қазақы соғыс өнерінің білгірі болған» дейтін деректер де жеткілікті.

Орыс, парсы, үнді елдердің тілінде қазақ сөзіне «қарақыш» дегенді қосақтайтын тіркестер кездеседі. Мысалы, «казаки-разбойники». Мұны олар, түркі қазақтарының шапқыншылығына жиі ұшырау себебінен айтқан болса деп түсіну керек, себебі түркі халықтарының тілінде «қазақ» пен «қарақыш» сөздерінің тіркесуі кездеспейді.

Өз халқымыздың аңызына сенсек, қазақшылықтың бастауы Алаша ханмен байланысты. Алаша ханның қай заманда тіршілік еткенін нақты айту қиын. Бір аңызда Алаша ханның әкесі Абдолла хан, екіншісінде Қызыл Арыстан, үшіншісінде Абдул-Азис деп кездеседі. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресінде»: Нұхтың баласы Яфет (оны Абылжа хан дейді), одан Түрік, одан Түтік, одан Елшехан, одан Диб Бануй, одан Алаша хан, ал одан екі ұл – Татар мен Моңғол тарайды деп көрсетілген. «Тауарих хамса» кітабын жазған Құрбанғали Халид «Алаша хан – жалпы хұндардың бабасы, моңғол-татардың атасы» деп жазған. Яғни, Алаша атын түрлі дәуірлерге қатысты шежірелерден байқаймыз.

XV-XVI ғасырларда Ұлытауда Қасым хан Алаша ханға арнап кесене салдырған. Мұнда, қазақ қауымының құрамына кірген әр текті рулар Алаша баласы болып, бірі ағалық, бірі інілік жолмен туыстық жүйені құраған. Содан бері Алаша ұғымы қазақтан ажыраған емес.

Сөкен Сейфуллиннің «қазақ» сөзін зерттей келе, Мұхамеджан Тынышбаевтың еңбектеріне сүйене отырып, өзі жазған «Қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат» атты еңбегінде мынадай деректер кездеседі:

1. Наков деген орыс шежірешісі: «1223 жылы Шыңғыс әскері Кавказ тауынан асып келіп, қазақ (касах) жерін басып, қыпшақтарды қиратып, сонан соң орыстарды қиратқан» деп жазған;
2. Атақты Ноғай ханның заманында, Кавказдан черкестерді шақырып келіп, Рыльск деген қаланың маңына орнатқан. Сол черкестер өздерін өздері «қазақпыз» деген;
3. 1397 жыл мен 1410 жылдарда Қырым татарларынның біразы Литва еліне ауып барған. Литва королінің хат тасушысы қызметінде болған татарлар «қазақ» атанған. Ол кезде орыстың «казак-орыс» дегендері шықпаған кез еді;
4. Құншығыс жақта 1456 жылы Жәнібекті хан көтерген ноғайлар – қазақ атана бастап Қазақ хандығын құрғанда, 1474 жылы Қырым ханы Мемлікерей III Иван атты орыс князіне жазған хатында: «Сенің жерінді тартып алуға мен ұландарымды, мырзаларымды - қазақтарымды жібермеймін» - делінген;
5. 1523 жылы Морозов деген орыс Түрік сұлтанына: «сенің қазақтарын бізге тие береді» деп айтқан.

Бұл мағлұматтардан байқайтынымыз, көпшіліктен оқшауланып шығып, жауынгерлік кәсібінде болғандарды «қазақ» деп атаған.

Атақты зерттеуші-ғалым Шоқан Уәлиханов: «қазақ сөзінің арғы мәні – жан мен тәңнің еркіндігі мен биік рухын білдіретін, европалық серілікке (рыцарствоға) тән!», - деген екен.

Бүгінгі күні Ресейдегі құмық, ноғай атты халықтардың тілінде «қазақ» сөзі әлі де «жауынгер» деген түп мағынасын жоғалтпапты.

Орыстың әйгілі тарихшылары Н.М.Карамзин, В.В.Бартольд, В.Даль, В.В.Радлов, П.Бутков, Г.Ф.Благова сияқты ғалымдар, «қазақ» сөзін зерттей келе, оның әскери термин екенін және көне түркілерден шыққан әскери дәстүрдің атауы екенін атап өткен.

Көптеген деректерді қарастыра келе, қорыта айтатыным, «қазақ» сөзінің түп мағынасы еркіндікті, кезбелікті, жауынгерлікті білдіретін ұғым және де бұл атау Қазақ хандығының құрылуына дейін пайда болған. 1991 жылы осындай ұғымдағы дәстүрді өзімізге қайтарып алып, бақытқа көңелдік. Ендігі өскелең ұрпақ сол аманаттан айырылмауы үшін елімізде тыныштық пен бейбітшілік болсын деп, халқымыз өз тарихын естен шығармай, біліп жүрсін деген оймен түйіндемекпін.

Мирас ҚОЖАБЕКОВ,
Егіндіағаш орталау мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі.

Айлық

Тұрғын секторындағы өрт қауіпсіздігі

Айыртау ауданның Саумалкөл ауылы № 7 өрт сөндіру бөлімінің 2015 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес және тұрғын үйлердегі өрттерді болдырмау бойынша профилактикалық шара жиынтығы, өрт кезіндегі адамдардың өлімі мен жарақат алудың алдын алуына сәйкес Айыртау ауданының Саумалкөл ауылының № 7 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлерімен мерзімі 2015 жылдың қыркүйек айының 23-нші жұлдызы мен 2015 жылдың қазан айының 23-нші жұлдызы аралығында Айыртау ауданының елді мекен жайларындағы тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздік айлығы өтіп жатыр. Өрт қауіпсіздік айлығының өтуі кезінде Айыртау ауданы Саумалкөл ауылының № 7 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлерімен өрт қауіпсіздік шаралары бойынша өртті болдырмаудағы жадынамалар тарату мен тұрғын үйлер тексеріледі. Профилактикалық жұмыстар барысында 503 тұрғын үйлерді аралап, және 1071 адаммен сұхбаттасты.



Сонымен қатар, Айыртау ауданы Саумалкөл ауылының № 7 өрт сөндіру бөлімінің өрт қауіпсіздік айлығын өткізу жоспарына сәйкес 2015 жылдың қыркүйек айының 23-нші жұлдызы мен 2015 жылдың қазан айының 23-нші жұлдызы аралығында Саумалкөл ауылындағы № 1 Ықшам ауданы және № 2 Ықшам ауданы көшелеріндегі орналасқан көпөтерлі тұрғын үйлердегі өртке қарсы жағдайы және аудандағы тұрғылықты аймақтарындағы өртке қарсы жағдайындағы жол тексеріледі. Айыртау ауданы Саумалкөл ауылының № 7 өрт сөндіру бөлімінде жылу маусымының басталуына орай, өрт қауіпсіздік ережелерін оқыту бойынша азаматтарға белгілі насихат жұмыстары жүргізілуде. Тұрғын үйлердің аулаларын аралап, тұрғындармен әңгімелесулер өтті. Жиын барысында жадынамалар таратылды. Басты назар құрылысында жанатын материалдар бар көппөтерлі үйлерге (оның ішінде балкондар, лоджиялар) аударылды. Сондай-ақ, әңгімелесу барысында жылыту аспаптарын қолдануда өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау назарға алынды.

Сондай-ақ, өртке қарсы қызмет мамандары жеке тұрғын-үй секторын аралап аудан тұрғындарына электр қондырғыларың, газды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, жылыту маусымында пешті пайдалану ережелерін сақтау туралы жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жасады.

Қазіргі адамның тұрмысы – бұл соңғы онжылдықтағы біздің өмірімізге электр жабдықтарының орасан көп мөлшері, нақты айтқанда электр шөйнектері, қысқатолқынды пештер, электржылытқыштар және көптеген басқа да тұрмыстық құралдардың енуі. Осының барлығы керемет әріне, дегенмен көбіне тұрғын үйлердің сымдары он жылға жуық уақыт бойы ауыстырылмай, тозып, электр қолданушыларының саны мөлшерден тыс қолданылады.

Тұрғын үй секторларында болатын өрттің кең таралған себептерінің бірі электр шаруашылығын пайдалануда ережелерді бұзу, электр сымдарының түйікталуы, электр жүйесі желісінің шамадан тыс қолданылуы, еріген электр сымдарын ажырату, жылу-электр құралдарының ұзақ уақыт электр жүйесінде қосып қалдыруынан тұтануы, электр аппаратының жануы, қолдан жасалған қорғағыштарды («қоңызды») пайдалану, газ плитасын қолдану ережелерін сақтамаудан болады. Бөлім қызметкерлері Айыртау ауданы газ учаскесінің және Айыртау аудандық электр жүйесі қызметкерлерімен бірлесіп 638 тұрғын үйді аралап, қауіпсіз ережесін түсіндіріп, жадынама таратылды.

Айыртау ауданының аумағында 43 өрт оқиғасы тіркеліп, бір адам қаза болды.

Құрметті азаматтар! Егер сіздерде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша сұрақтар, ескертулер немесе ұсыныстар бар болса, мына телефондар арқылы жіберуіңізге болады: (8715)33-27-359 Айыртау ауданы Саумалкөл ауылының № 7 өрт сөндіру бөліміне немесе (8715)33-27-227 Айыртау ауданының төтенше жағдайлар бөліміне хабарласуға болады.

Ғани БЕЙСЕКЕЕВ,
Саумалкөл ауылындағы
№7 ӨСБ-нің қарауыл бастығы.

Спорт

Мерекелік турнир

Өткен сенбі, 10 қазан күні №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының спорт залында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ауданның мемлекеттік мекемелері және жеке заңды тұлға ұйымдары арасында ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі мен Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Айыртау аудандық «Халыққа қазмет көрсету орталығы» РМК-ның ұйымдастыруымен волейболдан турнир болып өтті.

Жарыстың салтанатты ашылуында ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Туғанай Бейсембаева аталмыш мерекелік шараның жалпы бұқаралық спортты тұрғындар арасында насихаттау және аудан тұрғындарын жалпай салауатты өмір салтына бейімдеу екенін баса айтты.

Турнирге ауданның ішкі істер бөлімі, Халыққа қазмет көрсету орталығы, ЕС 164/8 мекемесі, 6610 әскери бөлімі және №7 өртке қарсы қызмет бөлімдері қатысты.

Жарыстың шешуші шайқастарының қорытындысы бойынша жүлдеге тігілген турнирдің кубогы мен I дәрежелі дипломына ЕС 164/8 мекемесінің командасы қол жеткізсе, екінші орынды 6610 әскери бөлімінің қызметкерлері иеленді. Ал жүлделі үшінші орынға ауданның ішкі істер бөлімінің командасы лайық деп танылды.

Қалған командалар да қатысқаны үшін арнайы мадақтамалармен марапатталды.

Өз хабарымыз.

Қазақ хандығының құрылғанына – 550 жыл

Бөкей хан

Қазақ тарихында Бөкей атанған тарихи тұлғаларды шатастырып алатындар бар. Алғашқы Бөкей хан ол, Ә.Бөкейхановтың төртінші атасы, кезінде Ташкентті билеп, Есім ханның қолынан қаза тапқан Тұрсын ханның немересі, Барақ ханның баласы болып келеді. Бұл өзі жеке баяндалатын тарих. Ал келесі, біз әңгімелейін деп отырған Бөкей 1812-1815 жылдары Бөкей Ордасының ханы атанған тұлға. Ол әйгілі Әбілқайыр ханның немересі, Нұралы ханның ұлы болып табылады. Бөкейдің тарих сахнасына шығуы Кіші жүзде жайылымдық жерлердің тарыла түсуінен, жергілікті халықтың тұрмыс жағдайының әлсіреуі салдарынан елде қалыптасқан ауыр ахуалмен тығыз байланысты.

Қарауындағы өзіне сенген халықтың қамын ойлаған ол, патша шенеуніктерімен жақсы қарым-қатынастарын және Кіші жүздегі Айшуақ ханға ақыл айтатын Хан кеңесінің төрағасы екендігін пайдаланып, олармен кездесуде осы мәселені көтерумен болды. Осындайда онымен әрқашан достық қатынаста болып келген Астрахан казак әскерлерінің командирі, полковник П.С.Попов оған Жайық пен Еділ арасындағы бұрын ноғайларға қараған, кейініректе қалмақтардың қарауына өткен, ал олардың үлкен бөлігі шығысқа қоныс аударған соң, 1771 жылдан бері шын мәнінде иесіз жатқан алқапты қазақтарға беруді патша ағзамнан өтініп сұрау туралы кеңес берді. Қисынды логикаға негізделген бұл ақылды қабыл алған Бөкей сұлтан Кавказ линиясының командирі, өзімен тығыз байланыс ұстап келген генерал-лейтенант К.Ф.Кноррингке хат жолдап, одан өзінің жаңа жайылымдық жер сұраған өтінішін императорға жеткізуді өтінді. Ол сұлтанның өтінішін жеделдетіп Ресей астанасына жеткізді. Жауап көп кешікпеді. Арада бір ай өткен соң, яғни 1801 жылдың 11 наурызында император І Павел К.Ф.Кноррингке Бөкей сұлтанды қол астындағы қазақтарымен Ресей қол астына қабылдау және олардың көшіп-қонуларына арнап Жайық пен Еділ арасындағы Нарынқұм төңірегіндегі аймақтан жер бөліп беру туралы тапсырма берді.

Иә, көріп отырғанымыздай, орыстар қазақтардың Нарынқұмға көшіп барулары оларды орыстандыруға жол ашады деп те ойлады. Алайда бұл ой қисынсыз болып шықты. Жайық асып, ішке көшіп келген қазақтарды Бөкей орыстардың билігіне бере қойған жоқ. Оларды ол, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі хандық билік жүйесімен өзі басқарды. Ол Каспий жағасында Дамбай деген жерде хан ордасын орнықтырды. Мұнда исламдық ұстанымдар үстемдік алды. Үлкен мешіт салынды. Орыстар мешітті бұрынғы Ақмешіт деп аталған мешіттің іргетасына қайта тұрғызуды ұсынды. Мұның өзі отаршылдардың ойынша «жабайы қырғыздарды тыныштандырып, орыстармен жақындаса түсуге» көмектесуі тиіс еді.

Сондай-ақ аймақтағы сауда-саттықты жандандыру, қазақтардың малдарын астыққа айыр-бастап алуларына мүмкіндік беру үшін Ахтүбе өзеніне жақын маңнан жаңа базар ашылды. Алайда патшалық биліктің Кіші жүздегі хандық басқару мәселесіне жергілікті халықтың пікірін ескермей араласуы Кіші жүз аймағында, соның ішінде Бөкей Ордасында саяси ахуалды ауырлатып жіберді. Кіші жүз ханы қартайған Айшуақтың тақтан өз еркімен бас тартып, өзінің орнына ұлы Жантөрені хан сайлауды орыс билігінен өтінуі және нәтижесінде орыстардың қолдауымен Орынбор маңында 1805 жылы қыркүйекте Жантөренің хан болып сайлануы, оған көптеген Кіші жүз сұлтандары мен рубасыларының қатыспай қалулары ел арасында наразылық туғызды. Қазақтың игі жақсылары қалыптасқан дәстүр бойынша хан тағына Айшуақтың ұлдары емес, Нұралы ханның ұлдары отыруы керек деп есептеді. Бұл жағдайды хан тағынан дәмелі Қаратай Нұралыұлы, яғни Бөкейдің туған бауыры пайдаланып қалуға күш салды. Оның Жантөреге қарсы әрекетін бірқатар Кіші жүз рулары қолдады. Осы тұста хан кеңесінің төрағасы болған Қаратайдың бауыры Орман сұлтан да Жантөреге жаулық бағыт ұстанды. Сұлтандар деңгейінде орын алып отырған бұл жанжал орыс билігіне ұнамады. Өйткені Қаратай мен Орман сұлтан бастағандардың іс-әрекеттері шын мәнінде орыстардың саясатына қарсы бағытталған еді. Өздерінің дегені болуы үшін орыстар енді Бөкей сұлтанның сұлтандар арасындағы беделін пайдаланып қалуды көздеді. Бөкей Кіші жүз сұлтандары арасында жасы жағынан ең үлкені және жікшілдік жанжалдарға араласпаған абыройлысы да еді. Осындай мақсатпен Орынбордың әскери губернаторы Г.С.Волконский 1807 жылы 17-шілдеде Бөкейге арнайы хат жазып, одан Қаратай мен Орман сұлтандарды Шерғазы ханмен татуластыруды өтінді. Алайда осы хатта орыстардың Бөкейдің бауыры Қаратайға деген жаулық ұстанымы ашық айтылғандықтан, Бөкей бұл істе белсенділік көрсете қойған жоқ. Ақырында орыс билігінің Қаратай мен Жантөрені татуластырмақ болған әрекеті нәтижесіз аяқталып, 1809 жылы қарашада Қаратай бастаған сұлтандар мен батырлар Жантөре ханды өлтіріп тынды.

Осы қанды оқиғадан соң Кіші жүздегі қазақ қоғамын билеушілер негізінен екіге бөлінді. Бөкей өріне, Айшуақтың балаларының емес, өзінің бауырларының, яғни Қаратайды жақтаушылардың жағында болды. Мұндай күрделі ахуалда орыс билігі жағдайды тұрақтандыруға шын мәнінде дәрмәнсіз еді. Негізінде орыс билігі қазақ жерінде



хандық басқаруды жойып жіберуге мүдделі болды. Алайда бұл қазақтардың тегеурінді қарсылығын туғызатын еді.

Сондықтанда Петербор сарайындағылар бұл мәселені біршама ұзақ талқылады. Нәтижесінде Ресейдің ішкі істер министрлігі 1810 жылдың 25-сәуірінде Кіші жүзде жаңа хан сайлау туралы шешім қабылдап, бұл туралы қазақ даласын кеңінен хабардар етуді астанаға барған Орынбор әскери губернаторына тапсырды. Алайда мәселені талқылау барысында Кіші жүзде екіге бөліну айқын байқалды. Тамыз айында Ембіден арғы қарайғы Сыр бойы қазақтары бұрын өлтірілген хан Жантөренің туған бауыры Шерғазы Айшуақұлының бастауымен Орынборға қарай жылжып, одан жүз шақырымдай қашықтықтағы Елек өзені маңына келіп тоқтады. Ал Нұралы ханның балаларын жақтайтын екінші топ атақты Бөкей Нұралыұлының бастауымен Астрахан даласынан бері жылжып, жолшыбай қазақ даласындағы өздерінің туыстары Қаратай Нұралыұлын және т.б. қосып алып, Орынбор төңірегіне келді. Алғашқылардың ханды өлтірген кейінгілерге деген жаулық көзқарастары айқын байқалып тұрды.

Ал енді Орынбор төңірегіне хан сайлау үшін көшіп келген қазақтардың жалпы сандары он мың адамға жетті. Орынбордың әскери губернаторы Г.С.Волконский көшіп келгендер басшыларымен екіжақты келіссөздер жүргізіп, оларды өзара татуласып, орталарынан бір ғана хан сайлауға көндіруге күш салды. Алайда Шерғазы сұлтанның тобы мұндай үгітке көнбей, Бөкей сұлтан бастаған қазақтардың шын мәнінде Жантөре ханды өлтірген, қолын қаңға малған Қаратаймен сыбайлас екендіктерін алға тартты. Жағдайдың ауырлығын байқаған Орынбор әскери губернаторы жауласушы екі жақтың әрқайсысының өздеріне хан сайлап аламыз деген шешімдеріне көнуге мәжбүр болды. Алайда губернатор хан сайлаушы екі жаққа мынаны ескертті: сайланатын хандарды бұрынғыша ақ киізге отырғызып көтермелеуге әзірше болмайды. Мұны Петербордағы патша ағзамның нақты шешімі бекіп келген соң ғана жасауға болады.

Сонымен хан сайлау 1811 жылдың 25-қыркүйегіне белгіленді. Осы күні қазақтардың белгіленген жерде хан сайлау рәсімін бақылау үшін генерал-майор Гердценберг бастаған орыстар келді. Алайда жауласқан қазақтардың екі жағы орыстардың үгітін көзге ілместен, ашу жетегімен біріне бірі тап берді. Араға киліккен орыстар кек алудан туындаған қазақтар арасында қан төгістің орын алуын әзер дегенде тоқтатты. Ойлағандары орындалмаған, қанды кекті қайтара алмаған Шерғазы Айшуақұлын жақтайтын қазақтар орыстардан қол үзіп, далаға кетіп, Шерғазыны өз беттерінше ақ киізге отырғызып, хан көтерді. Ал орыстармен бірге қалған қазақтардың екінші тобы қарсылығына қарамастан Бөкей сұлтанды ақ киізге отырғызып, хан көтеруге әрекеттенді. Дегенмен, ел тыныштығын ойлаған Бөкей айтқанға көнбеген еді.

Алайда белсенді сұлтандар бұған мән бермей, келесі күні оны бөрібір хан сайлады. Ал енді мұны орыстар қалай қабылдады дегенге келер болсақ, өз дегендері болмаса да олар, Кіші жүзде екі ханның пайда болуынан да өздеріне пайда ізестірді. Мұның өзі шынында да қазақтарды жікке бөліп, олардың орыстарға қарсы ұйымдасуларына мүмкіндік қалдырмады. Сондықтанда патша далада сайланған хандарды бекітті.

Бөкейдің қалыптасқан жағдайда отаршыл саясатты қазақтардың жағдайын жақсартуға пайдалануға тырысқан әрекеті айтарлықтай жемісті болды.

Алғаш ол Жайықтың арғы бетіне көшкенде, оған бағынатын қазақтар отбасы бес мың ғана болған болса, ал 1825 жылы олар 10490 үйге жетті. Ол қазақтарға көрші, тілі де, діні де бөлек Жайық казактарымен, ата жау Еділ қалмақтарымен, тартарлармен, отаршыл орыс жер иеленушілерімен қарым-қатынастарда қол астындағы қазақтардың мүддесін қорғайтын ақылды да, бейбіт саясат ұстанды. Көршілермен сауда-саттықты өркендету қазақтардың тұрмыс жағдайын жақсартуға игі әсерін тигізді. Сондықтанда көптеген сұлтандар, рубасылары Бөкейге сеніп, оған адал қызмет жасады. Олардың арасында әйгілі Исатай Тайманұлы да бар еді. Алайда Жаратушы белгілеген күн де келді. Шемен ауруы әбден меңдеген, өзінің әділетті саясаты арқасында халықтың да отаршылдардың да көңілінен шыққан Бөкей хан да төңірегін қайғыға бөктіріп, бұл дүниеден өтті. Бұл қасірет 1815 жылы мамыр айында орын алған еді.

Талас ОМАРБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы
кафедрасының меңгерушісі, профессор,
ҰҒА Құрметті академигі.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ әкімшілік азаматтық лауазымының бос орнына ашық байқау жариялайды

**1. Златогорка орта мектебінің директоры (1 бірлік).
Әкімшілік азаматтық лауазымының санаты, лауазымдық жалақысымен қызмет істеген жылдарына байланысты 75433 - 90254 теңге.**

Лауазымдық міндеттер. Жарғыға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес білім беру ұйымының жұмысына басшылық жасайды. Ұстаздар және әдістеме кеңестерімен бірлесіп білім берудің мемлекеттік жалпыміндетті стандарттарын жүзеге асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын бекітеді. Жалпы білім беру заңына сәйкес бекітілген учаске бойынша балаларды жалпы міндетті оқытуды қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие үдерісінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Заманауи ақпараттық технологияның дамуын қамтамасыз етеді. Мұғалімдердің (ұстаздардың) ұйымдарының, әдістемелік бірлестіктердің, балалар ұйымдарының жұмысына жәрдемдеседі. Білім беру жұмысын жүргізудің құқығына лицензиясына сәйкес оқушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Ата-аналардың қорғауынсыз қалған жетім балалардың қатарынан тәрбиеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін (жеке, мүлктік, тұрғын үй, еңбек және басқалары) қорғайды, туыстық қарым-қатынастарын ұстау үшін жағдайлар жасау бойынша шара-ларды қабылдайды. Тәрбиеленушілер мен оқушылардың белгіленген нор-малардан төмен емес күтіп ұстауы мен тұруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді. Оқу-білім беру үдерісі уақытында оқушылар (тәрбиеленушілер) мен білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмірінің және денсаулықтарының қауіпсіздігіне қажетті жағыдайлар жасайды. Денсаулықтарын қорғау және нығайту мақсатында оқушылардың тамақтануы мен медициналық қызмет көрсетуілуін қамтамасыз ету бойынша жұмысты және бақылауды ұйымдастырады. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлгі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшыларға қаржылық және материалдық қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды жайлы есеп береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес оқу-материалдық базасының есебін, сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, санитарлық-гигиеналық түзімнің еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуына жауап береді.

Ұстаз кадрлары мен көмекші қызметкерлердің іріктеуін және орнына қоюын жүзеге асырады, басқару құрылымын, штаттық кестені және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, олардың кәсіби шеберліктерінің артуды үшін жағыдай жасайды. Педагогикалық кеңеске басшылық етеді. Белгіленген тәртіпте қызметкерлердің аттестацияла-нуын өткізеді. Жұмыста ерекше көзге түскен мұғалімдер мен білім беру ұйымының басқа да қызметкерлерін марапаттаулар мен наградаларға ұсынады, өз құзырының шегінде жазалаулар тағайындайды.

Қоғаммен байланысты жүзеге асырады, ата-аналармен (оларды ауысты-рушы тұлғалармен) жұмысты үйлестіреді. Білім беру ұйымын мемлекеттік және басқа да ұйымдарда ұсынады, қажетті есеп берулердің дайындалуын және ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасында Тілдер туралы», «Қазақстан Республикасында баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «Неке және жанұя туралы», «Мүгедектігі, асыраушысынан айырылу және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетулік қолдаулар туралы», «Кемелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және балалардың қараусыз қалуын ескерту туралы» заңдарын және білім беруді дамытудың бағыты мен келешектерін анықтайтын басқа да нормативтік актілерді; педагогика мен психология негіздерін; білім берудің мемлекеттік жалпыміндетті стандарттарын; педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; менеджмент, қаржылық-шаруашылық әрекет негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілік талаптары:

Байқауға қатысуы үшін орта білім мемлекеттік мекемесінің басшысы лауазымына үміткерлердің болуы керек:

жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім (педагогикалық немесе бейіні бойынша); педагогикалық жұмыс етілі бес жылдан кем емес немесе білім беру ұйымдарында немесе білім беру ұйымдарына бейіні сәйкес келетін ұйымдарда басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес;

бірінші немесе жоғары біліктілік санатының болуы;

педагогикалық салада үш жылдан кем емес әкімшілік жұмыс тәжірибесі немесе білім беру ұйымдарында немесе білім беру ұйымдарына бейіні сәйкес келетін ұйымдарда басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес;

облыстың білім беру басқармасымен үміткердің келісімінің болуы; сотталуының болмауы.

Комиссиямен белгіленген мерзімде Байқауға қатысуы үшін басшы лауа-зымына үміткер ұсынуы қажет:

- 1) конкурстық комиссия төрағасы атына, тіркелген жерін, нақты тұрған жерін, байланыс телефондарын көрсете отырып, өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 5) суретімен кадрлар есебі жөніндегі жеке парағы;
- 6) бар жазалаулары мен марапаттауларын көрсете отырып бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;
- 7) бар біліктілік санаты немесе ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі;
- 8) медициналық куәландырудан өткені туралы құжат;
- 9) сотталғаны жоқтығы туралы анықтама.

Байқауға қатысуы үшін ұсынылған құжаттардың көшірмелері нотари-алды немесе жұмыс орнының кадр қызметімен куәландырылады.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы байқауға қатысушының құжаттарын қайтарып беруге негіз болып табылады.

Байқауға қатысушы оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне (біліктілігін арттыру туралы, ғылыми дәреже мен атақтарының тағайындалуы, ғылыми жарияланымдары туралы құжаттардың, бұрынғы жұмыс орнынан басшылықтың ұсынымдарының көшірмелері және тағы басқалары) қатысты қосымша ақпараттарды ұсына алады. Байқауға қатысушымен әңгімелесу және конкурстық комиссияның қорытынды отыры-сы аталмыш байқау бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде өтеді.

Байқауға қатысуы үшін қажетті құжаттар Айыртау ауданының бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде конкурстық комиссияның төрағасы С.К.Жақыповқа мына мекен-жай бойынша ұсыну қажет: 150000, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл селосы ықшам аудан 20-шы үй, СҚО Айыртау ауданының білім бөлімі, телефондар: 8 (715-33) 27-481 «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының білім бөлімі» ММ.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 19 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

Телерадио хабарларын тарату орталығындағы профилактикалық жұмыстарға байланысты 2015 жыл 19 қазан, дүйсенбі күні 17.00-ге дейін және 20 қазан, сейсенбі күні 14.00-ден 16.00-ге дейін «Қазақстан» ұлттық телеарнасының хабарлары көрсетілмейді. 17:00 «Менің Қазақстаным!». 17:30 KAZNEWS 17:50 «Білгіштер». М.х. 18:05 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Т.х. 19:05 «ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «БІЗДІҢ АҒАЙ». Т.х. 22:00 «КЕЛІН». Т.х. 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:30 «КӨҢІЛАШАР» ӘЗІЛ-СЫҚАҚ 0:05 KAZNEWS 0:55 «Жүрегім сізге аманат». Т.х. 1:50 «Ақсауыт» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS 3:45 «Көк тарландары». 4:35 «Тарих толқынында» 5:05 «Менің Қазақстаным!». 5:35 «Sport.kz» 6:00 Әнұран

ХАБАР

03:00 - 17:00 - технический перерыв (профилактические работы) 17:02 Кешкі жаңалықтар 17:15 Т.х. «Болашағым өз қолымда» 18:00 Новости 18:15 Т.х. «Пөлешеевтер» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:30 Т.с. «Махаббатым жүрегімде»-2 22:10 Т.с. «След» 23:00 «Көзқарас» 23:30 «Жекпе-жек» 00:15 Қорытынды жаңалықтар 00:45 Итоги дня 01:15 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 01:50 «Бұйымтай» 02:35 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

Уважаемые телезрители! Приносим извинения за перерыв в эфире до 17:00 в связи с профилактическими работами. 17:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 17:15 «П@УТИНА» 17:30 «Х ФАСТОР». 17:40 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Кино «КРАСИВАЯ ЖИЗНЬ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:20 «П@УТИНА» 23:50 «Х ФАСТОР». 0:00 . «ТАТЬЯНИНА НОЧЬ». Кино2:00 «П@УТИНА» 2:20 «МЕНТОВСКИЕ ВОИНЫ 5» 3:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

СТС

01.00, 23.45 М/с «Том и Джерри. Детские годы» 01.30 М/с «Октонавты» 02.00 М/с «Колобанга. Только для пользователей интернета!» 02.15 М/с «Энгри бердс - сердитые птички» 02.30 М/с «Клуб Винкс - школа волшебниц» 03.00 М/с «Смешарики» 03.05 Т/с «Зачарованные» 04.00, 19.00, 22.15 Дашь молодежь! (16+) 04.30 Шоу «Уральских пельменей». Очень страшно смешно 05.30 Х/ф «Зачарованная» 07.30 Уральские пельмени. Шопинг-мания 08.00 Т/с «Воронины» 09.00 Х/ф «Живая сталь» 11.30, 15.00 Т/с «Кухня» 12.30 Шоу «Уральских пельменей». Мужиктер!, 2 ч. 13.30 Уральские пельмени. О полиции 14.00 Т/с «Восьмидесятые» 16.00 Т/с «Семейный бизнес» 17.00 Т/с «Лондонград. Знай наших!» 18.00 Шоу «Уральских пельменей». Люди в белых зарплатах, 1 ч. 19.30 Кино в деталях с Ф. Бондарчуком 20.30 Т/с «Закон и порядок. Специальный корпус» 23.15 6 кадров 00.40 Музыка на СТС

СЕЙСЕНБІ, 20 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Біздің ағай». Т.х. 5-бөлім 10:50 «Сырғалым». Т.х. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Көңілашар» 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:00-16:00 техникалық үзіліс 16:00 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Т.х. 17:05 «Келбет» 17:30 KAZNEWS 17:55 «Білгіштер». М.х. 18:10 Күтқарушы күшіктер». М.х. 18:35 «Жүзден жүйрік» 19:05 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «БІЗДІҢ АҒАЙ». Т.х. 22:00 «КЕЛІН». Т.х. 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:30 «КӨҢІЛАШАР» ӘЗІЛ-СЫҚАҚ 0:05 KAZNEWS 0:55 «Жүрегім сізге аманат». Т.х. 1:50 «Дауа» 2:25 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS 3:50 «Еңбек түбі - береке» 3:55 «Көк тарландары». 30-бөлім 4:40 «Келбет» 5:25 «Қылмыс пен жаза» 5:50 Әнұран

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т.с. «След» 10:50 «Эконом-класс» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 11:45 «Магия кухни» 12:15 «Подари детям жизнь» 12:20 Т.с. «Махаббатым жүрегімде»-2 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 Дд. «Семейные мелодрамы» 14:00 Т.с. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» Дд 16:30

Т.х. «Кеңесшілер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 Т.х. «Болашағым өз қолымда» 18:00 Новости 18:15 Т.х. «Пөлешеевтер» 19:05 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Итоги дня 21:30 Т.с. «Махаббатым жүрегімде»-2 22:10 Т.с. «След» 23:00 «Көзқарас» 23:30 «Арнайы хабар» 00:00 Қорытынды жаңалықтар 00:30 Итоги дня 01:00 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 01:35 «Бұйымтай» 02:20 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 . «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». Детектив 12:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» Уважаемые телезрители! Приносим извинения за перерыв в эфире до 14:00 до 16:00 в связи с профилактическими работами. 16:00 «П@УТИНА» 16:20 «Х ФАСТОР». 16:30 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:40 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Кино «КРАСИВАЯ ЖИЗНЬ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:20 «П@УТИНА» 23:50 «Х ФАСТОР». 0:00 . «ТАТЬЯНИНА НОЧЬ». Кино 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «МЕНТОВСКИЕ ВОИНЫ 5» 3:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

СТС

01.00 М/с «Том и Джерри. Детские годы» 01.30 М/с «Октонавты» 02.00 М/с «Колобанга. Только для пользователей интернета!» 02.15 М/с «Энгри бердс - сердитые птички» 02.30 М/с «Клуб Винкс - школа волшебниц» 03.00 М/с «Смешарики» 03.05 Т/с «Зачарованные» 04.00, 19.00 Дашь молодежь! (16+) 04.30 Т/с «Маргоша» 05.30, 17.00 Т/с «Лондонград. Знай наших!» 06.30, 16.00 Т/с «Семейный бизнес» 07.00, 09.00 Т/с «Воронины» 08.30 Ералаш 11.00, 15.00 Т/с «Кухня» 12.00 Шоу «Уральских пельменей». Люди в белых зарплатах, 1 ч. 13.00 Уральские пельмени. О полиции 13.30 Уральские пельмени. Собрание сказок 14.00 Т/с «Восьмидесятые» 18.00 Шоу «Уральских пельменей». Люди в белых зарплатах, 2 ч. 20.00 Т/с «Закон и порядок. Специальный корпус» 20.50 6 кадров

СӨРСЕНБІ, 21 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Біздің ағай». Т.х. 10:50 «Сырғалым». Т.х. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Көңілашар» 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Келін». Т.х. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Т.х. 17:05 «Sport.kz» 17:30 KAZNEWS 17:55 «Білгіштер». М.х. 18:10 Күтқарушы күшіктер». М.х. 18:35 «Жүзден жүйрік» 19:05 «ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ» 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «БІЗДІҢ АҒАЙ». Т.х. 22:00 «КЕЛІН». Т.х. 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:30 «КӨҢІЛАШАР» ӘЗІЛ-СЫҚАҚ 0:05 KAZNEWS 0:55 «Жүрегім сізге аманат». Т.х. 1:50 «Журналистік зерттеу» 2:15 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 2:50 KAZNEWS 3:35 «Еңбек түбі - береке» 3:40 «Көк тарландары». 4:30 «Поэзия әлемі» 5:00 «Қылмыс пен жаза» 5:25 «Журналистік зерттеу» 5:50 Әнұран

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т.с. «След» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 11:45 «Магия кухни» 12:15 «Подари детям жизнь» 12:20 Т.с. «Махаббатым жүрегімде»-2 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 Дд. «Семейные мелодрамы» 14:00 Т.с. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Біздің үй» 16:00 «Өмір сабақтары» Дд 16:30 Т.х. «Кеңесшілер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 Т.х. «Болашағым өз қолымда» 18:00 Новости 18:15 Т.х. «Пөлешеевтер» 19:05 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «100 бизнес-тарихы» 21:00 Итоги дня 21:30 Т.х. «Қыз жолы» 22:15 Т.с. «След» 23:05 «Көзқарас» 23:35 «Бюро расследований» 00:05 Қорытынды жаңалықтар 00:35 Итоги дня 01:05 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 01:40 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 . «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». Детектив 12:10 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:15 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 15:20 «Х ФАСТОР». 15:30 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:30 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:40 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Кино «КРАСИВАЯ ЖИЗНЬ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40

«СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:25 «П@УТИНА» 23:50 «Х ФАСТОР». 0:00 . «ТАТЬЯНИНА НОЧЬ». Кино2:00 «П@УТИНА» 2:20 «МЕНТОВСКИЕ ВОИНЫ 5» 3:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

СТС

01.00 М/с «Том и Джерри» 03.20 М/с «Смешарики» 04.00, 19.00 Дашь молодежь! (16+) 04.30 Т/с «Маргоша» 05.30, 17.00 Т/с «Лондонград. Знай наших!» 06.30, 16.00 Т/с «Семейный бизнес» 07.00, 08.30 Т/с «Воронины» 07.30 Шоу «Уральских пельменей». Люди в белых зарплатах, 2 ч. 11.00, 15.00 Т/с «Кухня» 12.00 Шоу «Уральских пельменей». 3э бэд 2. Невошедшее, 1 ч. 13.00 Уральские пельмени. Собрание сказок 13.30 Уральские пельмени. Детское 14.00 Т/с «Восьмидесятые» 18.00 Дикое игры 19.30, 22.25 Большая разница 21.30 Т/с «Закон и порядок. Специальный корпус» 23.35 6 кадров 00.35 Музыка на СТС

БЕЙСЕНБІ, 22 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Біздің ағай». Т.х. 10:50 «Сырғалым». Т.х. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Көңілашар» 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Келін». Т.х. 15:33, 15:34-бөлімдері 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Т.х. 17:05 «Қазақ даласының құпиялары». Дф 17:30 KAZNEWS 17:55 «Білгіштер». М.х. 18:10 Күтқарушы күшіктер». М.х. 18:35 «Жүзден жүйрік» 19:05 «ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС» 19:30 KAZNEWS 20:20 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:05 «БІЗДІҢ АҒАЙ». Т.х. 22:00 «КЕЛІН». Т.х. 22:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 23:30 «КӨҢІЛАШАР» ӘЗІЛ-СЫҚАҚ 0:05 KAZNEWS 0:55 «Жүрегім сізге аманат». Т.х. 1:50 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс» 2:10 «Жан жылуы». 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 KAZNEWS 3:45 «Еңбек түбі - береке» 3:50 «Көк тарландары». 4:40 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс» 5:10 «Қазақ даласының құпиялары». Дф 5:35 Әнұран

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т.с. «След» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 11:45 «Магия кухни» 12:15 Т.х. «Қыз жолы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 Дд. «Семейные мелодрамы» 14:00 «Подари детям жизнь» 14:10 Т.с. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» Дд 16:30 Т.х. «Кеңесшілер» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 Т.х. «Болашағым өз қолымда» 18:00 Новости 18:15 Т.х. «Агент Z» 19:05 «Жекпе-жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Дф «Хабар» - 20 жыл» 21:00 Итоги дня 21:30 Т.х. «Қыз жолы» 22:15 Т.с. «След» 23:05 «Көзқарас» 23:35 «100 бизнес-тарихы» 00:05 Қорытынды жаңалықтар 00:35 Итоги дня 01:05 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 01:40 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 . «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». Детектив 12:10 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:15 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 15:20 «Х ФАСТОР». 15:30 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:30 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:40 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:55 Кино «КРАСИВАЯ ЖИЗНЬ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:25 «П@УТИНА» 23:50 «Х ФАСТОР». 0:00 «ТАТЬЯНИНА НОЧЬ». Заключительная серия 1:20 «ОСТАНКИНО. БАШНЯ В ОГНЕ» 2:30 «МЕНТОВСКИЕ ВОИНЫ 5» 3:15 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

СТС

01.00 М/с «Том и Джерри. Детские годы» 01.30 М/с «Октонавты» 02.00 М/с «Колобанга. Только для пользователей интернета!» 02.15 М/с «Энгри бердс - сердитые птички» 02.30 М/с «Клуб Винкс - школа волшебниц» 03.00 М/с «Смешарики» 03.05 Т/с «Зачарованные» 04.00, 19.00 Дашь молодежь! (16+) 04.30 Т/с «Маргоша» 05.30, 17.00 Т/с «Лондонград. Знай наших!» 06.30, 16.00 Т/с «Семейный бизнес» 07.00, 09.00 Т/с «Воронины» 07.30 Шоу «Уральских пельменей». 3э бэд 2. Невошедшее, 1 ч. 08.30 Ералаш 11.00, 15.00 Т/с «Кухня» 12.00 Шоу «Уральских пельменей». 3э бэд 2. Невошедшее, 2 ч. 13.00 Уральские пельмени. Детское 13.30 Уральские пельмени. Свадебное 14.00 Т/с «Восьмидесятые» 18.00 Руссо туристо 19.30 Большая разница

20.20, 00.00 Т/с «Закон и порядок. Специальный корпус» 21.10 Х/ф «Поцелуй Дракона» 23.00 6 кадров 00.50 Музыка на СТС

ЖҰМА, 23 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Біздің ағай». Т.х. 10:50 «Сырғалым». Т.х. 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «Көңілашар» 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!». 14:10 «Келін». Т.х. 15:00 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16:10 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Т.х. 17:05 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 17:30 KAZNEWS 17:55 «Білгіштер». М.х. 18:10 «Журналистік зерттеу» 18:30 «ИМАН АИНАСЫ» 18:55 «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!». 19:30 KAZNEWS 20:00 ПАРЛАМЕНТ 20:15 «СЕРПІЛІС» 21:05 «НАМЫС ДОДА». 22:15 «КЕЛІН». Т.х. 23:15 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 23:50 «Жайдарман». 0:10 KAZNEWS 0:40 Парламент 0:55 «Жүрегім сізге аманат». Т.х. 1:50 «Иман айнасы» 2:10 «Серпilis» 3:00 KAZNEWS 3:30 Парламент 3:45 «Еңбек түбі - береке» 3:50 «Журналистік зерттеу» 4:10 «Жан жылуы» 4:30 «Ғасырлар үні» 5:05 «Жайдарман». 5:35 Әнұран

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т.с. «След» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 11:45 «Магия кухни» 12:20 Т.х. «Қыз жолы» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 Дд. «Семейные мелодрамы» 14:00 «Подари детям жизнь» 14:10 Т.с. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 Дф «Хабар» - 20 жыл» 16:30 «Ұлт саулығы» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Бармысың, бауырым?» 18:00 Новости 18:15 Т.х. «Агент Z» 19:05 «Орталық Хабар» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Тұсаукесер! «Арман қанатында» 21:00 Итоги дня 21:30 Дф «Хабар» - 20 лет» 22:30 «Жанды дауыс» 00:20 Т.х. «Жаным» 02:20 Қорытынды жаңалықтар 02:50 Итоги дня 03:20 «Әр үйдің сыры басқа» Дд 03:50 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 . «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ТРЕТЬЯ». Детектив 12:10 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:15 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 14:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 15:10 «П@УТИНА» 15:35 «ЕРАЛАШ» 15:50 «НЕБЕСА». КОНЦЕРТ ВАЛЕРИЯ МЕЛАДЗЕ 17:25 «ЖДИ МЕНЯ». КАЗАХСТАН 18:40 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР». 23:20 «П@УТИНА» 23:50 . «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ» 2:55 «П@УТИНА» 3:15 «МЕНТОВСКИЕ ВОИНЫ 5» 4:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

СТС

01.00 М/с «Том и Джерри. Детские годы» 01.30 М/с «Октонавты» 02.00 М/с «Колобанга. Только для пользователей интернета!» 02.15 М/с «Энгри бердс - сердитые птички» 02.30 М/с «Клуб Винкс - школа волшебниц» 03.00 М/с «Смешарики» 03.05 Т/с «Зачарованные» 04.00 Дашь молодежь! (16+) 04.30 Т/с «Маргоша» 05.30 Т/с «Лондонград. Знай наших!» 06.30 Т/с «Семейный бизнес» 07.00, 09.00 Т/с «Воронины» 07.30 Шоу «Уральских пельменей». 3э бэд 2. Невошедшее, 2 ч. 08.30 Ералаш 11.00, 15.00 Т/с «Кухня» 12.00 Шоу «Уральских пельменей». Худеем в тесте, 1 ч. 13.00 Уральские пельмени. Свадебное 13.30 Уральские пельмени. Музыкальное 14:00 Шоу «Уральских пельменей». Худеем в тесте, 2 ч. 16.00 Анимаци. фильм «Шрек третий». (12+) 17.40 Комедия «Знакомство с Факерами 2». (16+) 19.30 Х/ф «Поцелуй Дракона» 21.20 Комедия «Дьявол и Дэниэл Уэбстер» 23.15 Т/с «Закон и порядок. Специальный корпус»

СЕНБІ, 24 ҚАЗАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:00 «Қымызхана» (2007 ж.) 8:35 «АГРОБИЗНЕС» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ». 10:10 «ДАУА» 10:45 «АС БОЛСЫН!» 11:35 «БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ». 12:30 «ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ» 13:00 «Қазақстан дауысы» 14:35 «ЖАҢА ҚОНЫС». Т.х. 15:45 Қазақ хандығына 550 жыл. «МӘҢГІЛІК ЕЛ». 19:30 KAZNEWS 20:05 «Үздік әндер» 21:00 «СЕНБІЛІК КЕЗДЕСУ» 22:35 «ЖАЙДАРМАН». Жоғары Лига. 1/2 финал. 0:30 KAZNEWS 1:05 «Жаңа қоныс». Т.х. 2:15 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 3:00 KAZNEWS 3:35 «Еңбек түбі - береке» 3:40 «Дауа» 4:10 «Білгірлер бәйгесі». Интеллектуалдық сайыс 4:55 «Ас болсын!» 5:35 Әнұран

ХАБАР

07:02 «Күлкіде шекара жоқ» концерті. 09:00 «Бармысың, бауырым?» 09:40 «Продвопрос» 10:00 Дф «Хабар» - 20 лет» 11:00 Мф. «Любимчики в поисках радуги» 12:10 Сказка Братьев Гримм.

«Принцесса на горошине» 13:20 «Орталық Хабар» 14:20 «Жанды дауыс» 16:20 «Мен – чемпион» 16:55 Т.х. «Күләш» 18:35 «Ду-думан» 19:45 «Бенефис-шоу» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Мегахит. «Малышка на миллион» 00:20 Т.х. «Жаным» 01:50 «Атау кере» спектаклі.

ЕВРАЗИЯ

6:00 Фильм «НЕОКОНЧЕННАЯ ПЬЕСА ДЛЯ МЕХАНИЧЕСКОГО ПИАНИНО» 7:50 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:25 «П@УТИНА» 8:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 9:00 «СМАК» 9:40 . Кино «СВАДЬБА НЕ БУДЕТ» 11:45 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:10 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» ның тұсаукесері 13:20 «101 КЕҢЕС» 13:45 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 14:25 «П@УТИНА+» 15:20 . Кино «СЕМЬЯ МАНЬЯКА БЕЛЯЕВА» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 20:30 «Х ФАСТОР». 22:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» ның тұсаукесері 23:30 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 0:00 Мировое кино. «БЕЗУМНОЕ СВИДАНИЕ» 1:45 «П@УТИНА» 2:00 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 2:30 «101 КЕҢЕС» 2:50 фильм «НЕОКОНЧЕННАЯ ПЬЕСА ДЛЯ МЕХАНИЧЕСКОГО ПИАНИНО» 4:30 «ТАҢҒЫ ПОШТА»

СТС

01.00 М/с «Том и Джерри. Детские годы» 01.55 М/с «Том и Джерри» 02.20 М/с «Пингвиненок Пороро» 02.55 М/с «Робокар Поли и его друзья» 03.30 М/с «Йоко» 04.00 М/с «Смешарики» 04.10 Три кота 04.30 Кто кого на кухне? (16+) 05.00 Снимите это немедленно! (16+) 06.00 Анимаци. фильм «Не бей копытом!» 0

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	15/10 БС	16/10 ЖМ	17/10 СН	18/10 ЖК	19/10 ДС	20/10 СС	21/10 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+5 -3	+4 +1	+2 -1	+4 -2	+3 -2	+4 +2	+1 +2
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		743	740	739	735	730	735	732
Желдің бағыты		О-Б	О-Б	С-Б	О-Б	О-Б	О	О
Желдің шапшаңдығы		3-5	2-4	2-5	5-7	7	6	4

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Оқушы бұрышы

БІЗДІҢ ҰСТАЗЫМЫЗ

«Ұстаз» сөзінің ұғымы кең. Оның негізгі мәні: жақсылыққа, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізуге үйрету, тәрбиелеу дегенді білдіреді. Сонымен қатар ол шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға қанатын қатайтып ұшырады, бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді. Сондай жылы жүзді, жайдары әр оқушының жанына білім дөнін себетін ұстазымыз - Динара Қошанқызы.

кітапханамен байланыста болғанымызды тапсырып отырады. Әр тапсырмасын қызығушылықпен орындаймыз. Облыстық, республикалық және халықаралық әртүрлі турнилерге біздің сынып оқушылары түгел бір кісідей қатысамыз. Мектепішілік өтетін әр шараларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүреміз. Соның бөрі біздің ұстазымыздың арқасы деп ойлаймыз.

Біздің ұстазымыз сонымен қатар өзі ән салады, суретті де жақсы салады. Білім, тәрбие берумен қатар біздерді



Ол кісі бізге 2-сыныптан бастап сабақ беріп келеді. Өзі жақсы мұғалім, сабақты қызықты, жақсы өткізеді. Әр сабағымызға күнделікті дайындалып келгенімізді қадағалап отырады. Біздерді шығармашылық, зерттеушілік жұмыстарға баулып, көп ізденіп,

ән салу, сурет салу, би өнеріне де баулиды. Ұстазымызды Ұстаздар күнімен құттықтап, зор денсалық, еңбекте табыс, отбасында бақыт, шаттық тілейміз. Біздей білімді шәкірттер ұшыра беріңіз демекпіз!

Мәдениет ОМ-нің 4 сынып оқушылары.

Динара мұғалім

Мың алғыс Динара мұғалім өзіңізге,
Ең алғаш мектептегі кезімізде.
Білімнің бұлағына сусындаатып,
Бергенсіз бар білімді өзімізге.
Ең алғаш қаламды ұстатып қолымызға,

Білімнің нөрің бердің бойымызға.
Өтсе де талай айлар, жылдар да,
Алғашқы ұстаз, әрқашанда ойымдасыз.

Айзада БАИРЛИНА,
Мәдениет ОМ-нің 4 сынып оқушысы.

Арманым - журналист болу

Армансыз адам-қанатсыз құспен тең. Әр адамның жан дүниесінде арманы бар. Ол арман адам жанында өзімен бірге өсіп өркендейді. Дәл солай, менің де балалық шағымнан келе жатқан арманым бар. Ол арманым - журналист болу.

Журналистика - өте қызықты, жауапкершілікпен мол еңбекті қажет ететін мамандық. Бұл мамандық адам бойындағы бүкіл өнерін, қабілетін сондай-ақ жақсы қабілеттерін ашуға көмектеседі. Менің журналист болам деген арманым 8-сыныпта ояңды. Сол кезден бері теледидардан журналистерді көргенде тамсана қарайтынмын. Өз мамандығының майтал-

маны болу, әрине, көп білімді қажет етеді. Мен тілші болып, халқыма қызмет еткім келеді. Ащы болса да, шындықты жақтайтын, шындық үшін күресе білетін, өз ісімнің маманы болсам деймін. Ол сөзге шешен, ұшқыр ойлы, жан дүниесі әсем, кез келген адаммен сөз табыса алатын, қарапайым, білімді адам.

Кім біледі, менің бүгінгі арманым - ертеңгі болашағым болар?! Бүгінгі қиялымдағы ойым-ертеңгі күнімнің еңбекпен тауып жейтін азығым болар. Мен бұл арманымға жетемін деп ойлаймын.

Айғаным АСЫҒАТОВА,
Дәуқара ОМ-нің
10-сынып оқушысы.

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

БАСПАСӨЗ-2016

Құрметті оқырман қауым!

Жыл бойы «Айыртау таңын» үзбей оқыған қалың қауыммен алдағы кезде де қайта қауышамыз деген ниеттеміз және қатарымыз бұрынғыдан да толығырақ түседі деген үміттеміз. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары: ана тілімізді, дініміз бен ділімізді, салт-дәстүрлерімізді насихаттаумен қатар, Тәуелсіз Қазақ елінің, туған ауданымыздың жаңа ғасырдағы жаңаша даму тарихын оқырман назарына уақытында жеткізуге тырысатын, аудан тұрғындарын қуанғанда қолдап, қайғырғанда жұбатып, көңілдеріңіздің алаң күйін бөлісетін, жандарыңызға жақын, ақыл-ойға серік, өздеріңіздің төл газеттеріңіз – «Айыртау таңына» жазылуға шақырамыз!

Жазылу бағасы: 1 жылға - 2256 тг., 6 айға – 1128 тг., 3 айға – 564 тг.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ азаматтардың жеке мәселелері бойынша 2015 жылдың IV тоқсанына арналған қабылдау кестесі

Рамазанова Марал Тұрғынбекқызы – «СҚО Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы - әр аптаның сейсенбі күні сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды.

Шатько Наталья Николаевна - «СҚО Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысының орынбасары әр аптаның бейсенбі күні сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды.

Мекен-жайы: Саумалкөл с. Ш. Уәлиханов көшесі, 44. Тел. 20-0-32.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметкерлермен қылмыс жасау фактілерін, құқық бұзушылықтарын және Ар-намыс кодексінің талаптарын сақталмаулары туралы қоңырау шалып хабарлай алады. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 20-0-32 сенім телефоны қызмет етеді.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Сарытүбек ауылындағы Школьная көшесі, 11 үйде орналасқан бұрынғы мектеп ғимараты 2003 жылдың 19 қарашасынан бастап Солтүстік Қазақстан облысы Әділет Департаменті Айыртау ауданының Әділет басқармасында иесіз тұрған жылжымайтын мүліктер қатарында №85 тіркеліп тұрғаны жайлы және осы жылжымайтын мүліктің иелері болса мына-мекен жай бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз:

Саумалкөл ауылы, Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефоны: 8(71533) 22751.

* * *

«Айыртау ОАА» ШЖҚ КМК жұмыс тәжірибесі бар материалдық үстелдің есепшісі қажет.

Біздің мекен-жайымыз: Саумалкөл ауылы, Хаиров көшесі, 1 үй. Байланыс телефондары: бас есепші – 21-043; есеп-қисап бөлімі – 20-686.

* * *

Аудандық «Айыртау таңы» газетіне қазақ тілін еркін меңгеріп, мақала жаза алатын тілші мамандығы қажет.

Барлық мәселелер бойынша жұмыс күндері мына телефон арқылы байланысуға болады: 8 (71533) 21-485.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы Ирина БУРКОВСКАЯ Редактор Бағлан ҚОЖАҚОВ

Теруші Барқыт КОКЕНОВА Басушы-теруші Елена НЕСВЕТЕЕВА

Индексі 65844. Таралымы 1335, № 1085 тапсырыс Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министірлігінде 30.05.2008 жылы есепке қойылған. Есепке қою № 9246-Г. Газет бейсенбі күні шығады.

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.